



Ұйымдастырылған іс- әрекеттің перспективалық жоспары

Аралас «Балапан» тобы (2-3жас)

2022-2023 оқу жылы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 –2023 оқужылына арналған
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
Аралас «Балапан» топ (2-3жас)
Наурыз айы 2023 жыл**

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбы
Наурыз	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар Қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қолсаусақтарын жұмжы және ашу. Допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға-оңға) бұрылу; аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; Негізгі қимылдар: Бір қалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүру Бір қалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден жүгіру. Төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты домалату, лақтыру, қағып алу. Еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу Заттарды айналып және заттардың арасымен секіру Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Қимылды ойындар Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу. Спорт залда Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қолорамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Дене мүшелерімен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу.	1. Шеңбер бойымен жүру 2. Саппен жүру 3. Жай қарқынмен жүгіру 4. Еңбектеу 5. Допты нысанаға лақтыру 6. Қоянша секіру 7. Адымдап жүру 8. Кегли арасын жүру 9. Тақтай бойымен жүру 10. Тепе теңдікті сақтап жүру 11. Тізені жоғары көтеріп жүру 12. Допты нысанаға лақтыру

		Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету.	
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяусөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қор. Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы адамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру дағдысын жетілдіру Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыруды, етістіктерді келер және өткен шақта қолдануды дамыту. Байланыстырып сөйлеу. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдануды үйрету	1. Ұшып кетті торғай 2. Аңдардың мерекесі 3. Ағаш отырғызу 4. Сурет бойынша әңгіме
	Көркем әдебиет	Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздермен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.	1. Жыл мезгілдері 2. Үйде қандай жануар бар 3. Жыл басына таласқан жануарлар 4. Тырналар
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету Байланыстырып сөйлеу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу	1. Ұшып кетті торғай
	Математика негіздері	Сан. «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. Шама. салыстыру нәтижелерін бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу Геометриялық пішіндер Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікте бағдарлау Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: оң-сол. Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды пысықтау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.	1. теңбе? қайсысы жоқ? 2. Ши салыстыру 3. ағаштардың дәніні тап 4. Қоржын
	Құрастыру	Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындауды, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнау дағдысын жетілдіру. Тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстермен олардың реңктерін (қызыл, көгілдір, сұр) қолдануды.	1. Бөлме 2. Оюлар 3. Қарға 4. Сақина

		Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуғамүмкіндікберу. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға,ұқыптылыққа баулу.	
	Сурет салу	Тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру,қызыл,сары,жасыл,көк,қара,ақ негізгі түстермен олардың реңктерін (қызғылт,көгілдір,сұр)қолдануды. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға,ұқыптылыққа баулу.	1..Тоқылдақ 2..Қартоп 3..Кемпіркосақ 4.Шатыр
	Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен(білезік, жүзік, балдақ,сырға,тұмар)таныстыру.Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып,өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу,оларды таяқшамен безендіруді. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.	1.Гүлдер 2.Ағаш 3.Кемпіркосақ 4.Киіз үй
	Жапсыру	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен,тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіруді. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.	1.Көктем белгілері 2.Күн 3.Гүлдер 4.Кемпіркосақ
	Музыка	Музыка тыңдау Өртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға жәнебілуге; шығарманысоңынадейін тыңдауға үйрету. Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып ән айтуды үйрету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау,ойындарда таныс би қимылдарын қайталауын дамыту Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда(бірпластинада)ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Бала,оның отбасы,үйі. өзінің отбасы,отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге үйрету Заттық әлем. Қазақ халқының тұрмыстық заттарын тану және атау дағдысын кеңейту	1.Көктем 2.Ана 3.Ырғақты би
	Қоршаған ортамен таныстыру	Көлік,байланысқұралдары. жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Еңбеккебаулу. Өзінің,құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне,суреттеріне,бұйымдарға құрметпен қарауға,оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие Жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Менің Отаным–Қазақстан. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру.Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіреотырып,өзініңтуғанжеріне,Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.	1.Отбасы 2.Жақсы жаман 3.Қарға 4.Қазақтың ұлттық киімі

		Өсімдіктер әлемі. Ағаштардың, дала гүлдерін тану және атау, өсімдік бөліктерін тануын қалыптастыру Жануарлар әлемі. Үй жануарларымен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді пысықтау. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).	
--	--	---	--

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 –2023 оқужылына арналған
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
Аралас «Балапан» топ (2- 3жас)
Сәуір айы 2023 жыл**

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбы
Сәуір	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар Қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта) Қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; Негізгі қимылдар: сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура жүгіру. аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне домалату доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу. 15-20 сантиметр биіктіктен секіру саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Қимылды ойындар Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, Құлақты тазалап жууды, жуынған нан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, Тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен Киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі Олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немес өз бетінше реттеуге, Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру Дене мүшелерімен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде	1. Жайлап жүру 2. Аю іздерімен жүру 3. Бір орында секіру 4. Кедергілердің арасымен жүру 5. Адымдап аттау 6. Тұсау кесер 7. Аланда жүру 8. Бір орында тұрып секіру 9. Кім жылдам 10. Қатармен жүру 11. Допты қағып алу 12. Балалармен жұптасып жүгіру

		дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау	
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты(а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз(п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айтуды меңгерту. Сөздік қор. Тұсау кесу дәстүріне байланысты сөз тіркестерін меңгерту Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды және зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануды үйрету. Байланыстырып сөйлеу. таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.	1. Ғажайып сандық 2. Жеті лақ ертегісі 3. Әкенің көңілі 4. Дайын ағаштар
	Көркем әдебиет	Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу	1. Ғажайып қоржын 2. Ғажайып сандықша 3. Аспан 4. Ғарышкер
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауыз екі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө, к, ұ, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануды пысықтау. Байланыстырып сөйлеу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша өздігінен қайталап айтуға баулу.	1. А, Ө, Ұ, Қ дыбыстарын қайталау
	Математика негіздері	Сан. Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беруін қалыптастыру Шама. Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеуін дамыту Геометриялық пішіндер Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікте бағдарлау Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік Бағыттарын анықтауды жетілдіру: оң-сол. Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды қалыптастыру: күндіз-түнде, таңертең-кешке.	1. Ойыншықтарды салыстыру 2. Фигура 3. Жұлдыздарды сәйкестендіру 4. Шымшықтарды үйлеріне орналастыру
	Құрастыру	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру дағдыларын пысықтау.	1. Поезд 2. Дайын ағаштар 3. Бау бақша құрастыру 4. Үйрек (оригами)

	Сурет салу	Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қаттықыспай, дұрыс ұстауды пысықтау. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым Сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстермен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды дамыту. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.	1. Әшекей 2. Киіз үй 3. Сақина 4. Орамал
	Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіруді. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.	1. Сақина жасау 2. Дайын ағаштар 3. Ұсқынсыз үйрек 4. Аққу
	Жапсыру	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сұртуге майлықты қолдану. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасауды үйрету.	1. Ұлттық ыдыс 2. Поезд 3. Орамал
	Музыка	Музыка тыңдау Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ән айту. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанды ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	1. Тұсау кесер 2. Орамал 3. Тұлпарым 4. Балабақша әні
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. Жақындарына қамқорлық танытуға баулу. Заттық әлем. Заттардың атқаратын қызметтерін түсінуін меңгерту Көлік, байланыс құралдары. жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру Еңбекке баулу. Өзінің құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, Бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамытуды жетілдіру Менің Отаным – Қазақстан. Балабақшаның үй-жайларымен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету. Өсімдіктер әлемі. Кейбір көгөністермен жемістердің түрін тану және атау, қарапайым түсініктерді қалыптастыру пысықтау.	1. Киіз үй 2. Жанбыр жауды 3. Трамвай 4. Тырналар

		Жануарлар әлемі. Үй жануарларымен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Ауа-райыныңжағдайынанықтау(суық,жылы,ыстық),табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райыныңжай-күйінбелгілеу. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауды дамыту (саңырауқұлақтармен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау,бұтақтардысындырмау)	
--	--	--	--

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**

2022 –2023 оқу жылына арналған

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Аралас «Балапан» топ (2-3жас)

Мамыр айы 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбы
Мамыр	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар Доптарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға-оңға) бұрылу; аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; Негізгі қимылдар: Шеңбер бойымен тапсырмаларды орындай отырып жүру арқан бойымен жүру, тура жолмен жүру. Бір қалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен жүгіру. 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу. Саты бойымен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу. Ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру. Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Қимылды ойындар Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу. Балабақша ауласында Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына іруді, тарақты және қолорамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шайқасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге. Және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі Олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгерістер, жемістер, сүтөнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бөліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.	1. Қоянша секіру 2. Адымдап жүру 3. Кегли арасын жүру 4. Тақтай бойымен жүру 5. Тепе теңдікті сақтап жүру 6. Тізені жоғары көтеріп жүру 7. допты нысанаға лақтыру 8. Жайлап жүру 9. Аю іздерімен жүру 10. Бір орында секіру 11. Кедергілердің арасымен жүру 12. Адымдап аттау
	Сөйлеуді	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.	1. Ұсқынсыз үйренк

	дамыту	Дауысты(а,ә,е,о,ұ)және кейбір дауыссыз(п-б,к-қ,т-д,ж-ш,с-з)дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту,артикуляциялық аппаратты дамыту,сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту:баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздікқор. Жұмбақ шешкізу,жаңылтпаш,санамақ айтқызу,сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту Тілдіңграмматикалыққұрылымы. Сөздерді жіктелуіне,септелуіне қарай байланыстыруды,зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды ,зат есімдерді жекеше,көпше түрде,етістіктерді келер және өткен шақта қолдануды үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдануды, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру,қызығушылығын ояту.	2.Мен ғарышкер боламын 3.Жаман жолдас (әңгіме) 4.Сиқырлы қалта
	Көркем әдебиет	Оқылған шығармадан ең қызықты,мәнерлі үзінділерді қайталау,балаларға сөздермен Қарапайым сөзтіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Балаларды тақпақтармен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.	1.Ұсқынсыз үйрек 2.Ұшып кетті торғай 3.Ұш торғай ертегісі
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: сәлемдесуде,өтінішін,ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, Құрдастарын есімімен толық,дұрыс атауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө, к, қ, ұ, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді(«бөпе»,«аға»,«апа»,«іні»,«қарындас»),тұрмыстық заттардың,жемістердің,жануарлардың,төрттүліктің Атауларын айту және түсіну дағдыларын пысықтау. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім,затесім және етістік) үйрету Байланыстырып сөйлеу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен Сұрақтарға жауап беруге,кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу	1.Ұ, Ұ дыбыстарын өздігінен қайталау
	Математика негіздері	Сан. Заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету Шама салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа,бірдей,тең,енібойынша кең-тар,бірдей,тең,биіктігі бойынша биік-аласа,бірдей,тең,жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу Геометриялық пішіндер Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыруды пысықтау, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікте бағдарлау Өзінің дене мүшелерін бағдарлауды және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды пысықтау: үстінде-астында,алдында-артында,оң-сол. Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды дамыту:күндіз-түнде,танертең-кешке.	1.Пішіндерді салыстыру 2.Ұқсас пішіндерді табу 3.Салыстырмалы кілемше 4.Гүлдерді теру 5.Таяқшаларды санау

	Құрастыру	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру Құрастырған құрылыс пен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға,қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға,ұқыптылыққа баулу.	1.Ағаштардан ойыншық автомат құрастыру 2.Мерген 3.Гүл 4.Үйшік
	Сурет салу	Көлденең және тік сызықтарды салу,олардың қиылысуын жүргізе білу,әртүрлі пішіндегі (көгеністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар),дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеуді. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.	1.Велосипед (асфальтқа салу) 2.Сақина 3. Балабақша 4.Торғай
	Мүсіндеу	Кесектерді алақандарының арасында домалату,есу,жаю тәсілдері арқылы заттарды Мүсіндеуді (ыдыстар,ойыншықтар). Бірнеше бөліктерді қосу,қысу,біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды Мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.	1.Зымыран 2.Доп 3.Асық 4.Гүлдер
	Жапсыру	Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін(жырту, умаждау, бүктеу,катпарлау) қолдануды. Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыруды және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптыболуға баулу.	1.Трамвай 2.Зымыран 3.Кемпіркосақ 4.Доп,шар
	Музыка	Музыка тыңдау Ересектердің орындауындағы және аудио-бейне жазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын:дауысы(ақырын-қатты),қарқыны (жылдам-баяу),көңіл-күйі (мұңды,көңілді)байқауғаүйрету. Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, оларменбіргеән айту,әндібіргебастап,бірге аяқтауын пысықтау Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындауды,қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтауды меңгерту. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындауды,ойындарда таныс би қимылдарын қайталау дағдыларын жетілдіру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен:сыбызғы,металлафон,қоңырау,сылдырмақ, Маракас және барабанды ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруін пысықтау.	1.Сарбаз 2.Отан қорғаушылар 3.Ән салшы сарбазым 4.Қызыл раушан
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала,оныңотбасы,үйі. Дербестікті қалыптастыру: киіну,жуыну,тісін тазалау Заттықәлем. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану,заттардың атқаратын Қызметтерін түсіну,заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгерту. Көлік,байланыс құралдары. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Еңбекке баулу. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге,ауласыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен карауға тәрбиелеу,көмек көрсету ниеттерін қолдау.	1.Батыр 2.Табиғат құбылыстары 3.Кемпіркосақ 4.Менің Қазақстаным

		Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыруды пысықтау. Менің Отаным – Қазақстан. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Өсімдіктер әлемі. Кейбір көгөністер мен жемістердің түрін тану және егету, қарапайым түсініктерді қалыптастыру пысықтау. Жануарлар әлемі. Үй жануарларымен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Ауа райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді жетілдіру. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекеттеу дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).	
--	--	--	--



Ұйымдастырылған іс әрекеттің циклограммасы

Аралас «Балапан» тобы (2-3жас)

2022-2023 оқу жылы

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Наурызайы 2022-2023 оқужылы 1 апта

Білім беру ұйымы:

«Мың бала» бөбекжай

Топ: «Балапан» аралас топ

Балалардың жасы: 2- 3 жас

27.02-03.03.2023ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 27.02.2023	Сейсенбі 28.02.2023	Сәрсенбі 01.03.2023	Бейсенбі 02.03.2023	Жұма 03.03.2023
Балаларды қабылдау <u>08.00-08.15</u>	Балаларды қарсы алу, ыстық мейірімге баулу. Амандасу дағдыларын жетілдіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оның денсаулығы туралы сұрау, және жеке пікірін білдіруге баулу. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Арнайы жерге төселген секіру ойын кілемшесі арқылы ойнап, топқа өтуін сұрау. (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру <u>08.15-08.30</u>	Ата аналарға осы айда болатын мерекелік ертеңгіліктермен іс шаралар туралы ақпараттар беріп, бірлесе атқаратын жұмыстарды талқылау.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) <u>08.30-08.55</u>	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Балаларды шеңберге отырғызып, бір-біріне жақсы тілек айтқызу. Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, домино, суретті карточкалар, дидактикалық ойындар).	Өнер орталығында сурет салу, суретті карточкаларды бояу, дербес шығармашылық іс әрекеттерді ұйымдастыру.	Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарау, еңбек әрекеті бойынша әңгімелесу	Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастам асын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару. (қоршаған ортамен танысу) Балалармен жеке жұмыс.

Таңғы жаттығу <u>08.55-9.00</u>	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Денебелсенділігі(таңертеңгіжаттығу,шынықтыру,спорттықжәнеқимылды ойындар
Таңғы ас <u>9.00-9.20</u>	Таңғы ас алдында, дәретханаға барғаннан кейін,ластанғанкездеқолдыөзбетіншесабынменжууға үйрету.Қолорамалды пайдалана білудібекіту. Тамақтану,жуынукезіндеқарапайыммінез-құлық дағдыларынқалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық <u>09.20-09.30</u>	Шаттық шеңбері Аспан ашық көгілдір Күн шуағын төгіп тұр Қол ұстасқан біздерге Терезеден қарап тұр. Балалардың сезінген әсерлерімен , жаңалықтармен бөлісу. Көктемгі көңіл күйлері қалай екені сұрау? Балалардың ойын тыңдау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)

Ұйымдастырылған	Қазақ тілі	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
-----------------	------------	----------------	--------	----------------	----------------

іс әрекеттер

09.30-09.50

Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету Кітап орталығында шеңбер бойлай отырығызып «Жыл басына таласқан жануарлар» ертегісін оқып беру. Жыл мезгілдерінің атаулары мен ай атауларын қайталап айтқызу. Жануарлардың суреттерін тану, қимылдарын көрсету. (көркем әдебиет) Балалардың үйінде қандай жануарлар бар екенін сұрау. Ол жанаулар не жейді, қайда тұрады әңгімелету. «Мысық пен тышқан» ойынын ойнату. (қоршаған ортамен танысу) Қарапайым құрылыстарды өз ойынан құрастыруды үйрету.	Балаларға сыйлық келіпті деп ішін ашу үшін сыйқырлы сөзді айтқызу. Ішінде әр түрлі құрастыру ойыншықтары бар екен. Балаларды екі топқа бөліп отырғызу. Бірінші топ әр түрлі құрылымдар құрастырса (құрастыру) Екінші топ Құрастыру ойыншықтарын жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең емес ететін еместігін анықтайды. Екі топтың балалары да өздерінің жасаған жұмысы туралы қарама қарсы топтағы балаларға айтып береді. (математика негіздері және сөйлеуді дамыту) Балалар жұмыстарын болған соң, қалаулары бойынша карандашпен сурет салуды ұсыну. Құрастырған заттарын немесе ойдан сурет салу. (Сурет салу) Балалар жұмыстарын аяқтаған соң тәрбиеші қорапты қозғап ішінде	Балалардың назарын үстел үстіндегі ойыншықтарға аудару. Ойыншықтарды тең етіп екіге бөлу және оларды биіктігі бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру (математика негіздері) Балаларға бір бірден ойыншық таңдату. Сол ойыншыққа ұқсас ойыншық бейнесін тауып фетр тақтаға жапсыруды жасату (жапсыру)	Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпашта райтуды үйрету. Пай-пай-пай, Жайылып жүр тай. Ай-ай-ай, Ұшып кетті торғай. (сөйлеуді дамыту) Балалардың қалауы бойынша терезеден көрген заттарын суреттерден табу. Балалардың қалауы бойынша бояулармен сурет салу. (суретін салу) Фетр тақтасына балаларға көктем белгілерін тауып жапсыруын ұйымдастыру (жапсыру)	Ертегі кейіпкерлерінің киімдерін көрсету. Өз бетінше таңдап киіп ойындар ойнату. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ындалаңдыру. (көркем әдебиет) Балаларды екі орталыққа бөлу. Бір орталықта өздеріне ұнайтын ертегі кейіпкерлерінің суретін бояу, суретті толықтырып салу. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. (сурет салу) Екінші орталықта ертегі кейіпкерлерінің ойыншықтарын салу
--	---	---	--	--

	(кұрастыру)	тағы бір зат бар сияқты деп дыбысын тыңдату. Қорапқа сиқырлды сөздер айтқызу ол ашылғанда кәмпиттерді балаларға жақсы жұмыстары үшін таратып беру.			стыру. «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?»сауалдарын ажауапберуді дамыту. (математика негіздері)
Серуенге дайындық <u>09.50-10.10</u>	Балалардың дербес кимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану дағдыларын пысықтау. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу. (Салауатты өмір салтын қалыптастыру) Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге үйрету. Серуенге бара жатқанда айналасына қарап, өзгесітерді байқау және атауды дамыту. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен <u>10.10-12.00</u>	Ауа райын бақылау. Күннің қандай болып тұрғанын айтқызу. Фетр матаға күннің шуақтарын жапсырту. (жапсыру) Көктем туралы ән тындап, бірге айтып, би билету. (музыка)	Өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынастары аңгімелеп беруге үйрету. Жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. (қоршаған ортамен танысу)	Көктемнің қыстан айырмашылығын атауды үйрету. Қарлардың ертіп ағып жатқан тамшыларын тамашалату. Ағаштарды құстарды бақылату. (қоршаған ортамен танысу) Аналар мерекесіне	Алып шыққан ойыншықтармен жеке және топтық ойын «Тең бе?», «қайсысы жоқ?» сұрақтарын қою арқылы салыстыру дағдыларын дамыту (математика негіздері)	Қар тез еріп кетуі үшін не істеуге болады. Тұзды қарға сеуіп көрсету. (қоршаған ортамен танысу)

	Қимылдыойындар. Қимылдыойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойынының ережелерін насалы түрде сақтауға баулу.	«Жыл басына таласқан жануарлар» ертегісін естеріне түсіріп, жануарларды танып, қимылдарын дауыстарын айтуды жетілдіру. (көркем әдебиет) Спорт залда қимылды ойындар ойнатып, спорттық жаттығулар жасату: Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебуге жалғастыру	жаттаған тапқартарын қайталау (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Қимылды ойын: «Т ы р н а л а р - т ы р н а л а р Доптармен, ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.	Табиғи заттардан кеме құрастырып, қардың еріп ағып жатқан суына жүздірту (құрастыру) Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату (музыка) Қимылды ойын: Тышқандар мен мысық.	Қимылды ойын Қоян мен қасқыр Аналар мерекесіне арналған ертеңгілікте айтатын әндерін билерін пысықтау. (музыка)
Серуеннен оралу <u>12.00-12.20</u>	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды жетілдіру. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын топта киген аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Ертеңгіліктерде айтатын әндерін тапқартарын қайталап айту және т.б. жаттату. (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас <u>12.20-13.00</u>	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орнамалды орнына ілуді үйрету. Тамақтану (Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				

Күндізгі ұйқы <u>13.00-15.10</u>	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға көктем туралы ертегілер оқып беру және жайлы музыка қою (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары. <u>15.10-15.35</u>	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаңаяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Таракты және қолорамалды пайдалануды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас <u>15.35-16.00</u>	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Өз өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) <u>16.00-16.30</u>	Бірінші топта «Жыл басына таласқан жануарлар» ертегісін суреті бойынша сипаттауды үйрету. Екінші топта балалар ермексазбен ағашқа орналастыру үшін жапырақтар жасауын ұйымдастыру (сөйлеуді дамыту, мүсіндеу)	Көктем туралы әнді естеріне түсіріп айту, би билету. (музыка) Балаларды екі орталыққа қалауы бойынша бөлу. Көктемнің белгілері гүлдердің	Балаларды орталықтарға бөлу. Балалардың аналар мерекесіне алған сыйлықтарының суретін салу, мүсінін жасауына жағдай жасау. (сурет салу, мүсіндеу) Ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыруды жетілдіру	Топтағы гүлдерге күтім жасау, олардың суретін салуды үйрету. (қоршаған ортамен танысу және сурет салу) Ермексаздан жеке жеке гүлдер жасату. Оларды жинап гүлдер бағын жасату. Жеке жұмыстарын жұмысдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. (мүсіндеу)	Балаларды орталықтарға бөлу. Ертегі кітаптарын қарау, балалардың қалаған ертегілерін оқып беру, үстел үсті театры арқылы көрсету. Өздерінің айтуын дамыту (сөйлеуді дамыту) Оқылған ертегі желісі негізінде

		күлтешелерін ермексизден жасап дайын домалаққа біріктіру, қиылған дайын гүлдерді жапсыру. (мүсіндеу және жапсыру)	(кұрастыру)	Ырғақты би қимылдарын жасату, әнге қосылып айту (музыка)	көлемді пішіндермен қар апайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. (мүсіндеу) Балалардың қалауы бойынша ертегі кейіпкерлерін жапсырту. (жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс <u>16.30-16.50</u>	Бекасылға заттардың арасымен еңбектеуді үйрету	Мұсылмға дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру.	Балаларға қысқа тақпақтар мен санамақтар, жағылтпашт арды жатқа айтуға үйрету.	Ақнұрға екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстыруға үйрету.	Инабатқа үй жанаурлары мен жабайы жануарларды тануға дағдыландыру
Серуенге дайындық <u>16.50-16.55</u>	Серуенге қызығушылық туғызу. Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау және ойыншықтар алып шығу. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуендеу <u>16.55-17.55</u>	Қимылды ойын Шыбыққа қалпақ кигізу	Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан» Көктем тақпағын	Қимылды ойын «Трамвай» Аналар мерекесіне	Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру (көркем әдебиет)	Қимылды ойын Өз түсінді тап Алып шыққан

	Алып шыққан ойыншықтарын салыстыру, нәтижелерін бірдей, тең, жалпышама сыбойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеуді үйрету (математика негіздері)	қайталау	арналған ертеңгілікте айтатын әндерін билерін пысықтау. (музыка)	Еркін ойындар	кұрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар құрастырғызу (кұрастыру)
Үйге қайту Ата анаға кеңес <u>17.55-18.30</u>	Көктем мезгілігің ерекшеліктері туралы балалармен әңгімелесуді және балаларға қызықты ойындарды үйде ойнауға ұсыну.				

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: Ф.Бекшора

ексерілген күні: 27.02.2023ж Циклограмманы тексерген әдіскер: Б.Байжанова _____

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Наурыз айы 2022-2023 оқужылы 2апта

Білім беру ұйымы:

«Мың бала» бөбекжай

Топ: «Балапан» аралас топ

Балалардың жасы: 2-3жас

06.03-10.03.2023ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06.03.2023	Сейсенбі 07.03.2023		Бейсенбі 09.03.2023	Жұма 10.03.2023
--------------------	--------------------------------------	--------------------------------------	--	--------------------------------------	----------------------------------

Балаларды қабылдау <u>08.00-08.15</u>	Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін стикер арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Балаларға өзі ұнатып таңдаған ойын құралымен ойнауға мүмкіндік жасау. (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру <u>08.15-08.30</u>	Аналар күніне арналған ертеңгілікке қатысуға шақыру. Апта бойғы орындалатын жұмыстар туралы ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер <u>08.30-08.55</u>	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Пазлдармен үстел - үсті ойыны. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қалта», «Суретші қай жерде қателесті?», «Не жоқ?»	Шамасы келетін жұмысты орындату Балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суару (қоршаған ортамен танысу)		Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту. Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету.	Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындарын ойнату, кітаптарды қарату, (сөйлеуді дамыту)
Таңғы жаттығу <u>08.55-9.00</u>	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас <u>9.00-9.20</u>	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайырту. (сөйлеуді дамыту)				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық <u>09.20-09.30</u>	Таңғы жиын. Балаларға жылы сөздерді бір біріне айтқызу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс әрекеттер <u>09.30-09.50</u>	Қазақ тілі Баланың сөздік қорында амытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Пай-пай-пай, Жайылып жүр тай. Ай-ай-ай, Ұшып кетті торғай. (қазақ тілі) «Бесік жырын» тыңдату. Балалардан бұл әнді кім айтатынын сұрау. Адамның ең жақыны кім екенін сұрау. Аналарын қалай жақсы көретіндігі туралы балалардан сұрау, әңгімелету. Үйде аналары балаларды қалай атап шақыратынын сұрау. (көркем әдебиет) 8 наурыз халықаралық әйелдер күні екенін айтып түсіндіру.	Дене шынықтыру Ана туралы өлең тыңдату. Ән кім туралы сұрау? Балалардан анасына қалай көмектесіндері туралы сұрау. Ойларын толық жеткізуін қалыптастыру (көркем әдебиет) Ғажайып сандықшадан көп алтын теңгелер шығару. Балаларды олар геометриялық фигура дөңгелек деп таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. Топтан дөңгелек заттарды тауып топтастыруды ұйымдастыру. (математика негіздері)		Дене шынықтыру Ана туралы өлең тыңдату. Ән кім туралы сұрау? Балалардан анасына қалай көмектесіндері туралы сұрау. Ойларын толық жеткізуін қалыптастыру (көркем әдебиет) Ғажайып сандықшадан көп алтын теңгелер шығару. Балаларды олар геометриялық фигура дөңгелек деп таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. Топтан дөңгелек заттарды тауып топтастыруды ұйымдастыру. (математика негіздері)	Дене шынықтыру «Ғажайып қоржын» ішінен алған заттың атын атау топ ішінен сыңарын табы. Сол ойыншыққа байланысты өздеріне ән немесе ертегі құрастыруына ықпал ету. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)

	Мерекеде аналарға қандай құрмет көрсету керектігін суреттер арқылы көрсету. (қоршаған ортамен танысу)				
Серуенге дайындық <u>09.50-10.10</u>	Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Жағымсыздықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу. Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) .				
Серуен <u>10.10-12.00</u>	Серуен барысында құстардың да жануарлардың да анасы болатындығын түсіндіру. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Ақ доп, қызыл доп» Дербес ойындар. Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен ойындарын қолдау, Құрастыру заттарынан еркін құрылымдар құрастыру.	Құрылыс материалдарынан дербес әрекет жасату. (құрастыру) Серуендеп жүрген кезде әр бір көрген заттарын сипаттап сөйлеудесынесімдерді қолданып, салыстырун этижелерін атауды дамыту. (математика негіздері)		Шамасы келетін жұмысты орындату. Балалардың жеке бастамасын қолдау: қыстайтын құстарды қоректендіру амалдарымен таныстыру Қимылды ойын «Поезд» «Ана туралы» әнін дауыстап және төмен дауыспен айтқызу (музыка)	Денешынықтыру құралдарын, спорттық және киім ылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру Қимылды ойын «Допты дәлдеп лақтыр» серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттар

	(кұрастыру)				ардықұлаққа,мұрынғаты кпау).(қоршаған ортамен танысу)
Серуеннен оралу <u>12.00-12.20</u>	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті)				
Түскі ас <u>12.20-13.00</u>	Түскіасалдындагигиеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссұрту, орамалдылұбарысында көркемсөзқолдану. Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
